

"Мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мемлекеттік мекемелері қызметкерлерінің мамандығы бойынша жұмыс өтілін есептеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2002 жылғы 1 сәуірдегі № 177 бұйрығының күші жойылды деп танылуын туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010 жылғы 26 сәуірдегі № 146 бұйрығы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтіру мақсатында, «**Нормативтік құқықтық актілер туралы**» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мемлекеттік қызметшілер болып табылмайтын Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мемлекеттік мекемелері қызметкерлерінің мамандығы бойынша жұмыс өтілін есептеу ережесін бекіту туралы» (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1840 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Орталық атқару және өзге мемлекеттік органдар Бюллетенінде 2002 ж. № 29 628 бет. жарияланған) Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2002 жылғы 1 сәуірдегі № 177 бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Р. Түсіпбеков